

Бөкей ордасы ауданы Орда ауылдық округі Хан ордасы ауылындағы атаусыз көшелерге атаулар беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Орда ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 2 маусымдағы № 11 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 маусымда № 3931 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Хан ордасы ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Орда ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөкей ордасы ауданы Орда ауылдық округі Хан ордасы ауылының атаусыз көшелеріне мынадай атаулар берілсін:

"№ 1У" жобалық көшесі – "М. Мәметова" көшесі;

"№ 2У" жобалық көшесі – "Ә. Молдағұлова" көшесі.

2. Орда ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (М. Сисенов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Орда ауылдық округі әкімі

М. Аққалиев